

№ 4, № 13 сайлау округтері бойынша Зеренді аудандық мәслихатының депутаттығына кандидаттар үшін үгіттеме баспа материалдарын орналастыру үшін Зеренді ауданында орындар белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Зеренді ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 12 қазандағы № 431 қаулысы. Ақмола облысы Зеренді ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 18 қазандағы № 1-14-144 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренді ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 14 қаңтардағы № 39 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренді ауданы әкімдігінің 2011.01.14 № 39 қаулысымен

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңының 28 бабының 6 тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына, сондай-ақ «Ақмола облыстық мәслихаттан шыққан депутаттардың орнына депутаттарды сайлауды белгілеу туралы» Ақмола облыстық сайлау комиссиясының 2010 жылғы 23 тамыздағы № 11 шешіміне сәйкес, Зеренді ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Зеренді аудандық аумақтық сайлау комиссиясымен бірлесіп, № 4, № 13 сайлау округтері бойынша Зеренді аудандық мәслихатының депутаттығына кандидаттар үшін үгіттеме баспа материалдарын орналастыру үшін Зеренді ауданында қосымшаға сәйкес орындар белгіленсін.

2. Қонысбай, Қызылсая, Чаглинка, С.Сейфуллин атындағы, Қанай би атындағы селолық округтердің әкімдері үгіттеме баспа материалдарын орналастыруға орындарды стендтермен, тақталармен жаратқандырсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Зеренді ауданы әкімінің орынбасары **Ә.А.Таласбаеваға** жүктелсін.

4. Осы қаулы 2010 жылдың 5 қазанынан бері пайда болған құқықтық қатынастарға таралады.

5. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Зеренді ауданының әкімі

Е.Сағдиев

«КЕЛІСІЛДІ»

Зеренді аудандық сайлау
комиссиясының төрағасы **Бекенов Х.Р.**
5510 әскери бөлімі
ротасының командирі, майор **Жақыпов Е.Е.**

Зеренді ауданы әкімдігінің
2010 жылғы «12» 10

№ 431 қаулысына қосымша

**Депутаттыққа кандидаттар үшін үгіттеме баспа
материалдарын орналастыру үшін**

Зеренді ауданындағы орындар

№	Елді мекеннің атауы	Орналасқан жері	Орналастыру үшін объектінің атауы
1	Бірлестік кенті	Орта мектептің аумағында	стенд
2	Қызылсая ауылы	Орта мектептің аумағында	стенд
3	Сейфуллин ауылы	Орта мектептің аумағында	стенд
4	Қараөзек ауылы	Ауыл орталығы ауданы	стенд
5	Қызылағаш ауылы	Негізгі мектептің аумағында	стенд
6	Биіктесін ауылы	Ауыл орталығы ауданы	стенд
7	Жаңатілек ауылы	Бастауыш мектептің аумағында	стенд
8	Қонысбай ауылы	Әкімшілік-мәдени орталық аумағында	стенд
9	Доңғылағаш ауылы	Негізгі мектептің аумағында	стенд
10	Гранитное селосы	5510 әскери бөлімінің аумағында	стенд
11	Игілік ауылы	Орта мектептің аумағында	стенд
12	Жамантұз ауылы	Негізгі мектептің аумағында	стенд
13	Чаглинка селосы	Орта мектептің аумағында	стенд
14	Чаглинка селосы	Село орталығы ауданы	стенд
15	Ақадыр ауылы	Ауылдық клубтың аумағында	стенд
16	Октябрь селосы	Село орталығы ауданы	стенд
17	Ұялы ауылы	Негізгі мектептің аумағында	стенд
18	Қарауыл Қанай би ауылы	Орта мектептің аумағында	стенд